

**Туристік-өлкетану бағытында қосымша білім беру
бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдары
жетекшілерінің Республикалық үйлестіру кеңесінің
кеңейтілген отырысының
ҰСЫНЫСЫ**

10 сәуір 2015 жыл

Орал қаласы

Қазақстан Республикасында туристік-өлкетану бағыты келешекте елдің ұзақмерзімді инновациялық дамуының басты құрамдас бөлігі, ұлттық экономикалық пайдалы және экологиялық қауіпсіз саласы ретінде қаралады.

Туристік саланы дамыту бойынша мемлекеттік міндеттер аясындағы ішкі туризмнің басым дамуын ескере отырып, негізгі бағыттардың бірі осы үрдіске жас жеткіншіктерді кеңінен тарту арқылы туризмнің белсенді түрлерін дамыту болып табылады.

Балалар мен жасөспірімдердің және жастар туризмін дамыту, оның ішінде оқушылардың экскурсиялық, туристік сапарларын ұйымдастыру – тұлғаның үйлесімді дамуын қамтамасыз ететін ең тиімді білім беру технологияларының бірі және қазақстандық патриотизмді, азаматтық ұқсастықты, толеранттық мәдениетті, этникалық және конфессияаралық өзара байланыс саласындағы әлуметтік біліктілікті қалыптастыруға бағытталған қазіргі заманғы азаматтық-патриоттық тәрбие беру бағдарламаларының ажырамас бөлігі.

Балалар мен жасөспірімдер туризмі дамуының тиімді үлгісін жасақтау және өзара ведомостоаралық әрекетті күшейту арқылы туристік-өлкетану бағытындағы қосымша білім берудің жаңа тәсілдерін және ұйымдастыру формаларын анықтау бүгінде басым бағыттардың бірі болып табылады.

Үйлестіру кеңесіне қатысушылар балалар мен жасөспірімдер туризмін дамытуға қатысты күрделі мәселелерді қарастырып, төмендегі ұсыныстарды шығарды:

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігіне (Ақпараттық технология және мектепке дейін, орта білім департаментіне, Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығына)

- туристік-өлкетану бағытында қосымша білім беру педагогтарына білімін жетілдіру курсы тұрақты негізде ұйымдастыру;

- туристік-өлкетану бағытында республикалық іс-шараларды (слет, байқау, семинарлар және т.б.) ұйымдастыруды және өткізуді қарастыру;

- туристік-өлкетану бағытында қосымша білім беру бағдарламаларын жүзеге асыруда әдістемелік оқу-құралдармен қамтамасыз ету;

- 2015 жылдың 1-маусымына дейін балалар мен жасөспірімдер туризмін дамытуда Батыс Қазақстан облысының жергілікті атқару ұйымдарының іс-тәжірибесін оқып-білу, жинақтау, тарату;

- 2015 жылдың 1 маусымына дейін жергілікті атқару ұйымдарымен бірлесіп балалар мен жасөспірімдер туризмін дамыту үшін кешенді жүйелі шаралар жасақтау;

Қазақстан Республикасының инвестициялар және даму министрлігіне (Туризм департаментіне):

- Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен бірлесіп Қазақстан Республикасында балалар мен жасөспірімдер туризмі 2015-2018 жылдары дамуына жасақталған кешенді іс-шараларды жүзеге асыру үшін ықпал ету;

- балалар мен жасөспірімдер туризмін дамытуға үкіметтік емес ұйымдарды, кәсіпорын, кәсіптік мекемелер, бизнес бірлестіктерді тарту үшін ықпал ету;

Жергілікті атқарушы ұйымдарға:

Қазақстан Республикасында балалар мен жасөспірімдер туризмін дамытудың 2015-2018 жылдарға арналған тұжырымдамалық тәсілдерді жүзеге асыру үшін дөңгелек үстелдер, кеңестер өткізу;

2015 жылдың 20 қыркүйегіне дейін балалар мен жасөспірімдер туризмінің дамуына аймақтық жоспар жасақтау;

Мүмкіндіктер қарастыру:

- жалпы білім беретін ұйымдарда туристік-өлкетанушылық бағытындағы үйірмелерді көбейту;

- балалар мен жасөспірімдер туризмі орталықтары мен станциялар желісін аймақтарда ашу;

- балалар сауықтыру лагерінде жаз мезгілінде ауысымдық кезеңдерді ұйымдастыру;

- балалар мен жасөспірімдер туризмін дамытуда әлеуметтік серіктестікті дамыту, өзара ведомоствоаралық ұйымдастыру жұмысын қарастыру;

Жас туристер станцияларының, туризм орталықтарының басшыларына, республикалық үйлестіру кеңесінің мүшелеріне:

- үйлестіру кеңесінің ұсыныстарының жүзеге асуын қамтамасыз ету;

- Қазақстан Республикасында балалар мен жасөспірімдер туризмін дамытудың 2015-2018 жылдарға арналған тұжырымдамалық тәсілдерін есепке ала отырып, туризм орталықтарының, жас туристер станцияларының жоспарына түзетулер енгізу;

- балалар мен жасөспірімдер және жастар туризміне арналған аймақтық сайттарда арнайы бөлімдерді ашу және толықтыру жұмыстарын жүргізу;

- балалар мен жастар үшін интерактивті экскурсиялық және туристік маршруттар ашу және жасақтау;

- жаз мезгілінде шатырлы лагерлер ашуды және жорықтар ұйымдастыруды қарастыру;

- істелген жұмыстар туралы ақпаратты Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығына 2015 жылдың 1 маусымына дейін беру.